

Блумның бұл таксономиясы танымдық үрдісті ең қарапайым деңгейден бастап бірте-бірте күрделенетін 6 деңгейге жіктейтіндігін ескере отырып, қарапайым деңгейге есте сақтау, түсініп білу, еске түсіру, ал одан кейін түсіну деңгейінде сол ақпаратты басқаша, өз сөзімен жеткізе алумен жалғасады. Жаңа ақпаратты бөліктерге бөліп зерттеуден кейін оны өз тәжірибесінде тасымалдай алу сияқты алдыңғыға қарағанда күрделі әрекетке ұласады. Қарама-қарсылық туғызу, шешім қабылдау, баға беру оқушының білімін дамытудағы ойлаудың жоғары деңгейінде жүретін жұмыстар. Әр қадам сайын сол деңгейде орындалған әрекетке баға беруді жүзеге асыру арқылы оқушының білім деңгейі артып, шығармашылығы, танымдық белсенділігі шыңдалады [6].

Блум таксономиясы негізіндегі жүйе оқушылардың өз беттерімен зерттеу, іздену қорытынды жасау іс-әрекеттеріне түрткі жасай отырып, олардың дарын, қабілеттерінің жетілуіне ықпал етеді, таным белсенділіктерін арттырады.

Мектептің оқу үрдісінде оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру, өзін-өзі тану қабілеттерін дамытуда оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда, пәндерді оқытуда тәрбиелік, дамытушылық міндеттерді жүзеге асыруда сабақта әртүрлі әдістер мен тәсілдерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін «Дүниетану» пәні мен сабақтары жетекші рөлдердің бірін атқарады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2007.
2. Ергалиева Л. Ж. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыру жолдары // Молодой ученый. - 2015. - №8.2. - С. 23-25. - URL <https://moluch.ru/archive/88/17451/>
3. Ильясов С. «Танымдық белсенділікті дамыту - өзекті мәселе», «Қазақстан мектебі» журналы №2, 2021 ж., Б. 66-67.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Санат, 2021.
5. Абильдина С. К., Шаушекова Б. К., т. б. Дүниетану: Жалпы білім беретін мектептің 2 сыныбына арналған. Мұғалімнің жұмыс дәптері / С. К. Абильдина, Б. К. Шаушекова, А. М. Бейсенбаева, Г. К. Бапанова. – Астана: «Самғай біл» ЖШС, 2013. – 212 бет
6. Кисымова А.К. Блум аймақтары. /Үлестірме материалдарынан/. Астана.- 2011.

Капасова А.Ж.

«Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицейі» КММ, Қарағанды қ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Бастауыш сыныпта оқытудың мазмұнын жаңарту – қазіргі заманғы білім беруде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың бағыттары қарастырылады.

Кілт сөздер: сауаттылық, функционалдық сауаттылық, функция.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда, функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілетті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзіреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзіреттіліктерінің бірлігінен құралады.

Сауаттылық ұғымының нақты мазмұны дара тұлғаның дамуына қойылатын қоғамдық талаптарға байланысты құбылмалы сипатқа ие болады. Ол қарапайым оқу, жазу, санау біліктілерінен бастап адамның әлеуметтік үдерістерге саналы түрде қатысуына мүмкіндік беретін, қоғамдық қажеттігі айқын кешенді білімдер мен біліктерден құралатын функционалдық сауаттылықты меңгеруді де қамтиды.

С.И.Ожеговтың сөздігінде «функция» сөзінің мәні «Вызванный функционирование чего-нибудь, зависящий от деятельности, а не от структуры, строения чего-нибудь (книжн)» - деп анықталса [1, 46], Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «функционалды ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады» [2,17] – деп сипаттама беріледі. Бұдан «функция» категориясы белгілі бір заттың атқаратын қызметіне немесе іс-әрекетіне қатысты айтылатыны танылады. Мысалы: ақпарат құралдарының функциясы – халыққа ақпарат тарату. Ал «функция» ұғымы адамға қатысты айтылғанда, оның іс-әрекетіне байланысты қарастырылады. Жоғарыда сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені нақтыланды. Яғни, «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады.

Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі.

Функционалдық сауаттылық – тілдік тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

Қазақ тіліне қатысты функционалдық сауаттылық ұғымы білім кеңістігіндегі білім күзінеттілікке бағыттау парадигмасына байланысты туындап отыр. «Қазіргідей пәндік білімге ғана негізделіп отырған оқу үдерісінде баланың жалпы дүниетанымының қалыптасуы, өміртанымдық дағдыларының жетілдірілуі, білімнің күтілетін нәтижеге бағытталуы қоғамдық-гуманитарлық пәндердің жаңарған мақсат-міндеттерінен бастап оқытудың әдістемелік жүйесінің әр бөлігінің (білім мазмұны, оқыту түрлері, оқыту әдістері, білім нәтижелері) түбегейлі өзгертілу деңгейіне қатысты екені сөзсіз» [3, 32 б.].

Қазіргі кезеңде Қазақстандағы білім беруге жаңа нәтижеге жетудің басым бағыттарының бірі ретінде білімділік бағыттан оқушылардың бойында күзінеттерді қалыптастыру бағытына өту мәселесі қарастырылуда. Күзінеттілік бағыт- межелеген мақсаттарға жету үшін оқушының ішкі (білім, білік, дағды, құндылық, психологиялық ерекшеліктер және т.б.) және сыртқы (ақпараттық, адами, материалдық және т.б.) ресурстарды тиімді ұйымдастырудағы дайындығының қалыптасуына көздейді.

Егер оқу нәтижесі күзінеттілік деп анықталса, онда тілді меңгертуден күтілетін нәтижелер оқушының өмірлік дағдыларымен сабақтастырылуы қажет болып саналады.

Функционалдық сауаттылық тілдік ережелерді түсіну, тілдік нормаларды сақтау, іс-әрекет тәсілдерін меңгеруден тұрады.

Тілді меңгеруде грамматиканың орны ерекше, өйткені онсыз ойды жинақтап сөйлемге айналдыру, байланыстырып жеткізу мүмкін емес. Сондықтан грамматика толыққанды тілдесімге жетудің құралы ретінде қарастырылады. Дағдыны қалыптастыруда жүргізілетін жаттығу түрлері сараланды.

Грамматикалық дағдыны қалыптастыру функционалдық бағытта грамматикалық форма мен функцияны (жеке емес) бірлікте үйрену арқылы грамматикалық ережелерді толық игеру, жағдаяттық және шартты сөйлесу жаттығуларды негізінде іске асады.

Ой ұйымдасқан сөйлесім үдерісіне айналуы үшін адам : өзіне қажетті үлгіні, ойды дәл бейнелейтін сөзді тандап алатын іштей сөйлеудің кезеңдерінен өтуі тиіс. Сөйлесім – айтылған не жазылған хабардың қабылданып, оған жауап қайтарылуды талап ететін, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас негізінде іске асатын ортақ құбылыс. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда іштей сөйлеу мен сөйлесімнің мәнін назарға алу олар орындайтын жаттығулар мен тапсырмалары іріктеуде маңызды рөл атқарады.

Жазу, таза жазу, дұрыс жазу, сауатты жазу – қай тілдің болмасын басты ұстанымы. Сауатты жазудың алғы шарты бастауышта қаланады. Мектеп табалдырығын аттаған балаға бірінші сыныптан

бастап дұрыс сөйлету үшін сөздердің дыбыстық жағы, дұрыс айтылуы қадағаланады. Бастауыш сынып оқушыларына орфографияны игерту тілді оқыту бағдарламасына сәйкес жүзеге асады. Бағдарламада қазақ әліпбиіне қатысты мәселелерді шешуде әліппеге дейінгі кезеңнің, әліппеден кейінгі кезеңнің талаптары анық көрсетілген. Бастапқы кезеңде білім-білік дағдысына көңіл бөлінеді.

Оқушының орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуы – бастауыш сынып мұғалімінің маңдай терінің жемісі. Бастауыш сыныпта бағдарламаға сәйкес жоғарыда көрсетілген білім-білік дағдылары қалыптасқан оқушылар сауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы жазуын ғана емес, сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре алады. Таза жазу дағдысының алғашқы бастамасы әріптің әрбір бөлігін дұрыс сызып көруі арқылы қалыптасады. Оқушылар жазу ережесін сақтап отырғанда ғана дұрыс жазуға үйрене алады.

Төменгі сынып оқушыларының оқу, қарым-қатынас, еңбек секілді жетекші әрекеттер негізінде жалпы және ерекше қабілеттерінің дамуымен сипатталады. Қазақ тілін үйрету арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, күнделікті өмір жағдаяттарында, әлеуметтік ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін орынды қолдана білуге үйрету көзделеді.

Бастауыш сынып оқушыларына сөйлесім әрекетінің түрлерін меңгертуде олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыратын тиімді жаттығулар мен тапсырмалар ұсынылады. Онда жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, коммуникативтік құзыретті қалыптастыратын тапсырмалар, сұхбаттық тапсырма түрлері беріледі.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған сабақтарда білім мазмұны мен оқу тапсырмалары барынша шынайы қарым-қатынас жағдайына жақындатылады. Ұсынылатын жағдаяттық тапсырмалар өзекті әрі оқушылардың өмір жағдайына етене жақын болуы ескеріледі. Мысалы:

Ақша қардың әлегі

- Балалар ,біз бүгін үлкен қателік жасадық, - деді ағай.

- –Қармен атқыласып, терезені сындырып қойдық. Басты айыпкер - Сұлтан.

Ол кінәсін мойындаудың орнына,қашып кетті. Біздің талқыдан қорықты.

Осы кезде сыныптың есігі ашылды. Қарасақ – Сұлтан екен. Қолтығында үлкен әйнегі бар.

- Мен қаып кеткенім жоқ. Үйден әйнек пен алмас алып келдім,- деді.

Біз Сұлтанға риза болдық.

Сұрақ: Сұлтан туралы не айтар едің?

Жұмыс:баяндау, сипаттау, сұрақ-жауап түрінде орындалады. Бұл жағдаяттық тапсырманы орындау барысында мынадай нәтижеге қол жеткізілді: тапсырма мазмұны оқушы өміріне етене жақын болғандықтан, шынайы орындалды; оқушылардың шынайы коммуникативтік қажеттілігіне дәл келіп, белгілі ортада өз ойын жеткізуге көмектесті; сондықтан ол оқушылар үшін қызықты болды; жағдаяттық диалогтарды құруда оқушылар сұрақ қоюға, жауап беруге, сауатты сөйлеуге, сөйлесім дағдылары (дәлелдеу, ой қорыту, толықтыру) дамып, функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға негіз болды. Жағдаяттық тапсырмалар оқушылардың қызуғышылығын тудырып, өздігінен шешім жасауға ынталандырады. Олар оқушылардың белгілі бір жағдаятты диалог арқылы игеруін қажет етіп, оның автоматты түрде орындалуын қамтамасыз етеді.

«Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе» -деп М. Жұмабаев атап көрсетсе, «Ойын – баланың рухани дамуының негізі», - деп Л.С. Выготский, Д. Б. Эльконин өз еңбектерінде атап көрсеткен [3,4].

Ойын балалар үшін күделі әрекет бола алады. Балалар білімді ойын арқылы қабылдап, үлкендерден үйренеді. Сондықтан сабақтағы ойын оқушы білім тыңдап, ой – өрісі кеңейте алады, білім алудағы қызығушылығы артады. Ойын арқылы бала көптеген мәліметтер алады, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Баланың жас ерекшелігіне, сабақтың мақсатына сай ұжымдастырылған ойындардың берері мол ойындардың маңызы зор.

Мысалы, - «Диалог – ертегі» Ойынның шарты: мұғалім не бір оқушы ойдан шығарып кез-келген әңгіме немесе ертегіні бастап кетеді. Ал қалған оқушылар бір-бір сөйлемнен әрі қарай жалғастырады. Мысалы, мұғалім былай бастайды: «Ертеде бір байдың еркеотай ұлы болыпты» 1 оқушы: «сол ұлы көгалда көбелек қуып жүріп адасып кетіпті» - десе 2 – оқушы одан ары жалғастырады. Міне ертегі осылай жалғаса береді. Ең соңғы оқушы ертегіні ұтқыр шешіммен аяқтауы тиіс.Сұхбаттылық тапсырмалар диалогтан тұрады.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда диалогты таңдауымыздың себебі ол күнделікті өмірде қолданылатын ауызекі сөйлеу тілінің ең көп тараған және тілдік қатынастың табиғи түрі. Диалогтің жағдаяттылығы, алдында және артындағы айтылған жалпы ойға байланыстылығы ескеріледі. Диалогтік сөйлеуге үйретуде дайындық жаттығулары мен шартты сөйлеу жаттығулары ұсынылды.

Білім беру ұйымдарындағы функционалдық сауаттылығын қалыптастыратын білімділік, тәрбиелілік үрдісті ұйымдастырушы нақты айқындалған, жауапкершілікті сезінубағытында жұмыстар жүйесі қалыптасуы қажет.

Әдебиеттер:

1. Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка / С. И. Ожегов, Н. Ю. Шведова. – 4-е изд., доп. – Москва: Азбуковник, 2000. – 940 с.
2. Б.Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б.
3. Жұмабаев М. Педагогика.- 3-ші бас.- Алматы: Ана тілі, 1992.- 160 б.
4. Выготский Л. С. Баланың жас ерекшеліктері және кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектер. Алматы. 1999 ж.

Каратаева А.С., Жуkenова Г.Б.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, г.Астана

РОЛЬ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ В ИЗУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. Статья посвящена характеристикам функциональной грамотности, влияющих на её становление и реализацию как неотъемлемую часть процесса в обучении английского языка. В статье рассматриваются понятия, компоненты и особенности развития функциональной грамотности в процессе изучения английского языка.

Ключевые слова: функциональная грамотность, этапы функциональной грамотности, образовательная среда, изучение английского языка.

На сегодняшний день владение английским языком является основным инструментом, средством обеспечения человека, всего общества. Идея функциональной грамотности рассматривается в рамках компетентного подхода в современной теории и практике педагогики.

Под функциональной грамотностью обучающегося мы подразумеваем совокупность тем, междисциплинарных, интегрированных знаний, умений и приемы решения вопросов в области общеобразовательной и профессиональной деятельности, то есть функциональная грамотность – это способность человека применять свои навыки чтения и письма в условиях его коллаборации с обществом. Изучение английского языка подразумевает формирование навыков общения, применения полученных знаний на практике, что, в свою очередь, подтверждает, что процесс изучения языка строится на компонентах функциональной грамотности.

Понятию «функциональная грамотность» была дана интерпретация на Всемирной конференции Министерства в Тегеране в 1965 г.. Функциональная грамотность была рассмотрена в качестве набора навыков чтения и письма, которые можно использовать в повседневной жизни. В 1978 г. появилось определение функционально грамотному человеку, он определялся как человек, умеющий участвовать в различных мероприятиях, работающий в организациях с использованием понимания текста, письма и основ математики, совершенствующий свои личностные качества.

Декада грамотности проходила в Организации Объединенных Наций с 2000 по 2012 годы. В эти годы функциональная грамотность превратилась в нечто большее, чем элементарная, обычная грамотность. Грамотность стала полностью функциональна, как часть общественности, родителей, детей.

Доктор педагогических наук В.А.Ермоленко обозначил четыре периода понятия «функциональной грамотности». Функциональная грамотность считалась преимуществом для общепринятой грамотности на основном этапе, который длился с конца 1960-х гг. до начала 1970-х гг. Отделение функциональной грамотности от обычной грамотность в середине XX века является следующим этапом. Третий этап начался в 1980 году, когда была установлена связь между функциональной грамотностью и улучшением образования. Последний этап – признание функциональной грамотности в качестве средства эффективной деятельности в изменяющемся мире [1, с.2].

Согласно данным Кембриджского университета, понятие «функциональная грамотность» может быть рассмотрено в соответствии с определенными характеристиками, такие как критическое мышление, цифровая грамотность, способность, коммуникация, сотрудничество, эмоциональное